Қыркүйек айында мектеп оқушыларына жолда жүру ережесін түсіндіріп, практикалық түрде жаяу жүргіншілер жолағымен және жолдан өту тәртібімен таныстыру мақсатында «Абайлаңыз балалар!» акциясы және «Жасөспірім» атты жедел іс-шара ұйымдастырылды. Акция барысында барлық сыныптарда жолда жүру ережесі туралы сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарында жолда жүру ережесі бойынша, жол – көлік жарақатының алдын- алу, жол жүру қауіпсіздігін оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Біз жолдардағы қауіпсіздікті қолдаймыз!» және «Сіздің жолаушыңыз – бала!», «Знаки на дорогах, нам в пути помогут!», «Знайка ПДД», «Безопасность детей на улице», «Дорожная азбука» атты мақал-мәтелдер жарысы, сурет байқауы, танымдық ойындар өткізілді. Жол белгілері туралы өлеңдер оқып, жолжиектің не үшін қажет екеніндігі туралы ақпарат берілді. 13.09 күні 3-4 сыныптар арасында «Жолда жүру ережесін білесің ба?» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 5 «а» және 5 «б» сыныптарында «Жолда жүру ережелері» тақырыбында үлгілі тәрбие сағатын көрсетті. 9-10 сыныптар «Жолда жүре ережелері» тақырыбына эссе жазды. Сонымен бірге акция барысында оқушыларға «Оқушылардың қауіпсіздігі» тақырыбында дәріс оқылып, үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек, бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету, көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін жерлерден аулақ жүруге үйрету туралы дәрістер оқылды. 5-11 сынып жетекшілері ата –аналар жиналысында оқушылардың

қатысуымен балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау және балалардың көшеде, жолда, үй маңында бөгде кісілермен сөйлеспеуді, қауіпсіз жүрудің алдын алу мақсатында кеңестер айтылды. Технология пәнінің мұғалімі Н.Қуанышбектің ұйымдастыруымен «Жолда жүру тәртібі» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Жалпы шара барысында оқушыларымыз жол ережесін қатаң сақтау арқылы адам өмірінің маңызын ұғынып, жол көлік оқиғасының алдын алудың маңызын түсінді.

Оқушыларының техникалық өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында 1-11 сыныптар арасында «Сақтан жас дос!» атты пікіралмасу өткізілді.

Қыркүйек айында кәмілетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Мен және менің құқығым» атты пікіралмасу жүргізілді.

15.10 күні «тұрғын үйлерде пештерді орнату кезіндегі өрт қауіпсіздігі» тақырыбында конференция өтті.

2021-2022 оқу жылында ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушы жоқ. Сабақтан тыс уақыттаоқушылардың мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдыналу мақсатында үйірмелер жұмыс жасайды.Үйірмелерге мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалар, аз қамтылған отбасы балалары да тартылды.

29.11.2021ж Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай барлық сыныптарда «Менің тұңғыш Президентім» тақырыбында сынып сағаттары өтті.Тәрбие сағаты мемлекеттік гимнмен басталды. Тәрбие сағатында Елбасының өмір жолы, туып өскен, оқып білім алған, атқарған қызметі туралы оқушылар толық мәлімет алды. Тәрбие сағатына барлық оқушылар белсенді қатынасты, оқушылар өз беттерімен ізденіп, постер қорғап,қызығушылықпен қатынасты. Жоғарғы сыныптар арасында «Ел еріне, ер еліне сенген ұлы тұлға Елбасы» атты викториналық сұрақтар өткізілді. Викториналық сұрақтар барысында Н.Ә. Назарбаевтың балалық шағы, еңбектері және отбасы туралы сұрақтар қойылды. Оқушылар барлық сұраққа толық әрі дұрыс жауап берді. Барлық сынып оқушылары жоғары деңгейде өте белсенді әрі қызығушылықпен жарыса қатысты. Мектеп кітапханашысы Боранбаева А. «Елін сүйген Елбасы» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. 9-11 сынып оқушылары аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ержанқызы А «Елбасы- ел тірегі» тақырыбында эссе байқауын өткізді. Тәрбие ісінің орынбасары Танабаева М.А. 9 «А» сынып оқушыларына «Балалық шағымның аспаны» фильмін көрсетті. Осыфильмнегізіндеоқушыларға түрлісауалдарқойылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған айлық жоспар жасалды. Жоспардың мақсаты: ата - бабамыздыңтәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету. Қ.Р тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесін өткізу арқылы оқушылардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру, оқушыларды ұлт жандылыққа елін, жерін сүюге тәрбиелеу. 15.11 күні «Ұлттық теңге –Тәуелсіздігіміздің символы» тақырыбында Тезекбаева Ж 11 «А» сыныбында танымдық сабақ өтті. 17.11 күні «Тәуелсіз елім-тұғырың сенің биікте» тақырыбында 8 «А» сыныбында Р.Берикова ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты оздырылды. 19.11 күні

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығына- 30 кітап» бір күндік акция өтті. Оқушылар мемлекет президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің мақаласында айтылған 30 кітаптардан үзінді оқыды. 22.11 күні «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым» тақырыбында 10-11 сынып аралығында эссе байқауы өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды. 25.11 күні 5-7 сынып қыздары арасында «Тоғыз құмалақ» ұлттық ойыннан сайыс өтті. 26.11 күні 10 «А» сыныбында «Өткен күндер жеңісі- бүгінгі күннің жемісі» тақырыбында тәрбие сағаты оздырылды. Тәрбие сағатында 1991 жылдан бастап әр жылға шолу жасалды, сол жылдары мемлекетімізде қандай елеулі оқиғалар болды, оның маңызы мен ерекшіліктері туралы айтылды. 2.12 күні «Мен Тәуелсіз Қазақстанды бейнелеймін» тақырыбында жас суретшілер байқауы өтті. 6.12 күні «Тарих дөңгелегі» интелектуалды сайыс 8-9 сынып арасында өтті. 10.12 күні Шеңгелбаева Б ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының облыстары» тақырыбында облыстар макеті жасалды. Сыныптарға облыстар бөлініп берілді, сол бойынша барлық облыстардың макеті жасалды. 6.12-10.12 аралығында «Біз тәуелсіз Қазақстанның келешегіміз» челенджі өтті. 11 «А» сыныбы көрініс көрсетті, 10 «А» сыныбы қазақша биледі, 9 «А» сыныбы ән шырқады, 8 «А» сыныбы мәнерлеп оқыды. 13.12 күні тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай волейболдан дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерімен жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа 9-11 сынып оқушылары, мектеп мұғалімдері қатысты. Жарыс жоғары деңгейде өтті. 14.12 күні «ҚР тәуелсіздігіне 30 жыл – 30 игі іс» мектебіміздің әлеуметтік педагогы Сарыбаев С жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасыларына демеушілер есебінен сыйлық жасаса, 10-11 сынып оқушылары жалғыз басты аналарға, әжелерге үй шаруасына көмектесті. 15.12 «Тәуелсіздік – ел тұғыры» атты кеш ұйымдастырылды. Салтанаттыкеште «Жас ұлан», «Жасқыран» ұйымы қатарына қабылдау өткізілді. Ұйым мүшелері анттарын айтып, ережелерімен таныстырып, гимнін айтып ұйымға қабылданды.Салтанатты кеште мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, ардагер ұстаздар, тәжірибелі мұғалімдер ұйымға жаңадан қабылданған оқушыларға галстукпен төс белгіні тақты. Кеште биші қыздар би билеп,«Жасқыран»ұйымы мүшелері тәуелсіздікке тарту өлеңдерін оқыса, 10-11 сыныптар көрініс қойды. 9 сынып оқушылары соңынан «Қазақстан»әнімен қорытындылады.

Қаңтар айында қысқы каникул күндерінің іс-шаралар жоспары жасалып, жоспар бойынша өтті. «Мәңгілік Елдің Ұлы мұраттары келер ұрпаққа өнеге» тақырыбында ұмыт болып бара жатқан ұлттық дәстүрлерден 7-8 сынып аралығында интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды. Оқушыларға қысқы каникул кезінде шаңғымен, шанамен, конкимен жарыстар оздырылды.

Сонымен қатар ЖПҚ ЮПТ УПИ инспекторлары Садырбаева О.А.,«Жасөспірімдер қылмысы – қоғамдық дерт» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу құқық тақырыбы бойынша оқушылардың білімдерін тереңдету, өз ойларын ортаға салдып өз көзқарастарын білдіругежәне басқалардың көзқарасымен салыстыра отырып, оны жан-жақты талқылауға мүмкіндік берді.

Қаңтар айының 14 күні 8-9 сыныптар аралығында құқықтық білімдерін тексеру мақсатында «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың құқықтық білімдерін әліде жетілдіру керек екені анықталды.

31.01 күні «Жас сарбаз» ұйымы «Олар Отан үшін от кешті» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Шара оқушылардың патриоттық, отанға деген сүйіспеншілігін көрсетті.

Ақпан айының 1 күні «Бопсалау», «Зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Құқық бұзушылықтың алдын -алу» тақырыбында ұл балалармен жиналыс өтті. Жинастың мақсаты: мектеппен ата-ана арасындағы қарым қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Жиналысқа мектеп директоры Балқаш аудандық білім бөлімінің маманы А. Сейсеке, кәмелетке толмаған жасөспірім құқығын қорғау қызметкері Қ.Нағызбай, Балқаш АПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты О.Рысбек, мектептің «Жалын» ұлдар клубының жетекшісі Е.Жолдыбаев қатысты. Жиналыста қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігі туралы айтылды.

Ақпан айының 15 күні Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына арналған «Ауғанның асуында от кешкендер» атты Ауған соғысы ардагерімен кездесу кеші өткізілді. Ауған соғысы жайлы мағлұматтар алып, оқушылардың өрелік қабілеттерін кеңейту, тарихи оқиға туралы мәлімет беру,оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында ауған соғысы ардагерімен әдеби – сазды тарихи кездесу кеші ұйымдастырылды. Кешімізге ардегер ағаларымыз қатысты. Кездесу барысында слайдтар, фотосуреттер, ауған соғысы фильмінен үзінділер көрсетіліп, мыңдаған жауынгерлердің рухына 1 минуттық үнсіздік жарияланды. Оқушылар ардагерге өз ойларында жүрген сұрақтарын қойып, ардагермен сұхбаттасты. Сұхбаттасу барысында сұрапыл соғыста кеудесін отқа тосып, Отан алдындағы борышын атқарып келген жауынгер ағамыз соғыс кезінде бастан кешкен қиындықтары туралы әңгімеледі. Кеш ҚР Мемлекеттік Әнұранымен жабылды. Кеш соңында ардагерлер сөз алып оқушыларға өз ризашылығын білдірді.

1 наурыз Халықаралық азаматтық қорғаныс күні атап өтілді.

Мереке табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу ісіндегі елдердің күш-жігерін үйлестіруге, халықты, АҚ қызметтерін ықтимал экстремалды жағдайларға дайындауға бағытталған және белгілі бір ұранмен өтетінін атап өткен жөн. Бүгінгі таңда Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) - бұл азаматтық қорғаныс пен халықты халықаралық деңгейде қорғау саласында маманданған және Еуропа, Азия мен Африканың 70-ке жуық елін біріктіретін жалғыз халықаралық үкіметаралық ұйым. «Қазақстан Республикасының Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының Жарғысына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енген соң 1997 жылғы 31 қазаннан бастап Қазақстан ХАҚҰ-ның толық құқықты мүшесі болып табылады.

ХАҚҰ-ның негізгі мақсаттары азаматтық қорғау құрылымдарын құруға және күшейтуге жәрдемдесу, техникалық және консультациялық көмек көрсету, азаматтық қорғау қызметтері үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу, мүше мемлекеттер арасында озық тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету.

Осыған байланысты біздің мектебімізде іс- шара жоспары жасалып, тақырыптық сынып сағаттары, ашық сабақтар өткізіліп, бейнероликтер көрсетіледі. ТЖ департаменттерінің жеке құрамы үгіт материалдарын, ақпараттық, оқыту және профилактикалық сипаттағы

таратпа материалдарын береді. Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін мерекелеу бойынша барлық іс-шаралар төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар бойынша халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде қатысушылар теориялық білім мен өзін-өзі қорғаудың практикалық дағдыларын алады, әртүрлі қауіпті жағдайлар туындаған кезде өздерін қалай құтқаруды және басқаларды қалай құтқаруды үйренеді. Мектепте 1 наурыз күні Халықаралық азаматтық қорғаныс күніне мектеп қызметкерлері мен оқушыларына оқу жаттығуы өткізілді.

Наурыз айында Сыбайлас –жемқорлық деген ұғымдарды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу мақсатында «Жемқорлық – қауіпті дерт» тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында пікірталас өтті.

Сәуір айының 13 күні «Жалын» ер балалар ұйымының жетекшісі Жолдыбаев Е ұйымдастыруымен «Құқықтық жауапкершілікті сезіну - азаматтың парызы» тақырыбында 8-11 сынып ер балаларымен пікірталас өтті.

Сәуір айының 15 күні «Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы өтті. Күн тәртібінде: тәртібінде қиындық келтіріп, сабақты дәлелсіз көп жіберетін оқушылардың ата-аналарымен тәрбиелік жұмыстар жүргізу. Осы мәселе бойынша мектебіміздің әлеуметтік педагогы Сарыбаев С. сөз алып есеп берді.

Сәуірдің 29 күні Қазақстанда тұратын көп ұлттың достығы мен тұтастығын, салт - дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу. Мерекелік көңіл- күй сыйлау. Қазақстанда тұратын көп ұлттың достығы мен тұтастығын, адал ниеті мен мақсат -мүдде ортақтығының символына айналған ынтымақтастық мерекені ұмытпауға баулу. «Құрмет», «Сүйіспеншілік», «Достық», «Татулық», «Ынтымақ» құндылықтарының маңызын түсіндіру мақсатында 1 Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік кеш өтті. Кеште барлық сыныптар өзге ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін киіп, сол ұлттың өнерін көрсетті. Атап айтсақ 10 «А» сыныбы украйн, 8 «А» сынып үнді, 7 «А» түрік, 6 «А» өзбек, 6 «Б» орыс, 5 «А» неміс, 5 «Б» корея, 8 «Б» грузия, 9 «А» қазақ халықтарының ұлттық киімдерін киді. Кеш жоғары деңгейде өтті. Сонымен қатар барлық сыныптарда 1 Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай сынып сағаттары өтті.

7 мамыр –Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған іс-шаралар жоспары жасақталды. Жоспарға сәйкес 06.05.2022 күні «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» тақырыбында барлық сыныптарда ерлік сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысында неміс басқыншыларын талқандауда Қазақстан халқының майданда және тылда көрсеткен ерен ерлігін паш ету, жас ұрпақты отансүйгіштікке, ел жандылыққа туған елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес.9 мамыр күні 5-11 сынып оқушылары ардагер аталарымызға арналған ескерткішке гүл шоқтарын қоцйып, 7 «А» сынып оқушыларының орындауында «Катюша» биі биленді. 9 «А» сынып оқушысы Бауыржан Аружанның орындауында Әлия мен Мәншүкке арналған «Қос жұлдыз» әні шырқалды, ал 6 «Б» сыныбы оқушылары «Алға, Қазақстан» әнін орындады.

***Екінші бағыт - Рухани-адамгершілікжәнежыныстыққолсұғушылықтыңалдын-алутәрбиесі***

Мақсаты:Адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз,сенім, жауапкершілік, бауырмалдылық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық құндылықтарды қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыты бойынша оқу жылының басында «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында «Мектепке жиналуға көмектес», «Қамқорлық», «Мектепкежол»акциялары жоғары деңгейде өткізіліп, акция барысында жетім, азқамтылған отбасы балаларына және қамқоршылықтағы балаларға оқу құралдары, аяқ киім, спорт киім, сумка, мектеп формалары 122500 теңге көлемінде көмек көрсетілді. Сонымен қатар көп балалы, толық емес, аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларға спорттық киім мен спорттық аяқ киім 20000 теңге көлемінде берілді. Акция жыл бойы жалғасын тапты. Желтоқсан айында да жаңа жыл мерекесіне орай жетім, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға тәттілер сыйлыққа берілді.

Былтырғы оқу жылында мектебімізде «қолғанат» ерікті клубы ашылған, биылғы оқу жылында да олар өз жұмысын жалғастырды. Мектеп айналасында тұратын қарттардың үйлеріне барып қолғабыс жасады. Ауыл айналасын қоқыстан тазалауға көмектесті. Жалғыз басты аналарға және мүмкіндігі шектеулі отбасыларына да көмектесіп тұрды.

Қазан айының 7 қазан күні ұстаздар мерекесі күні «Ұстаз ұлы тұлға» атты мерекелік кеш өтті. Мектеп фойесін оқушылар әдемі безендіріп, сабақтарға дублер болып құрметтеді. «Ұлылықтың ұйытқысы ұстаз» атты сынып сағаты өткізіліп, 7 қазан мұғалімдерге арналған мектепшілік іс-шараға 1 сынып оқушылары да қатысты. «Ұстаздарға мың алғыс» тақырыбында мектеп оқушылардың ұйымдастыруыменмерекеліkконцертті жоғары деңгейде өтті.

Қазан айында Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында презентация байқауы өтті. Байқауға 9-11 сынып оқушылары өздерінің жұмысын қорғады. Байқау нәтижесі бойынша 1-орынды 10 «А» , 2-орынды 11 «А», 3 –орынды 10 «Б» және 9 «А» сынып иеленді. Оқушылардың жасаған презентацисында Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, еңбектері туралы деректер жақсы жасалған.

Қараша айында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу –сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асты. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу» тақырыбында көрмелер ұйымдастырылды. Жыл бойы «100 ән, 100 күй, 100 кітап» жобасы іске асты. «100 ән» жобасы бойынша мектебімізде екі жұлдыз ән байқауы өтті. Байқауға 6 жұп 5-7 сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері қатысты. Әр жұп бір оқушы мен мұғалімнен тұрды.

Сонымен қатар, қазақтың аса көрнекті ағартушысы – педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына-180 жыл толуына орай «Даланың дара ұстазы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мектебіміздің кітапханасында «Буккроссинг» бұрышы құрылды.

Мектебіміздің педагог-психологы Ырымжанова А.К. ұйымдастыруымен 1 сыныптарда «Біз біргеміз!» тренингі өтті.

Қаңтар айында «Сыбайлас жемқорлықтың тарихи тамыры» бірыңғай сынып сағаттары 1-4 сыныптарда «Азамат болу- адал жолдан басталады», 5-8 сыныптарда «Адалдық, әділдік, ар-ұят адамгершілік белгісі» тақырыптарында өтті.

Алғысайту күні–Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған.Алғыс айту күні-күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзімі піндеТәуелсізҚазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні. Мектебімізде Ұстаздарға арнап мектеп ұжымына арнап Алғыс айту күнін өткіздік.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша биылда 2010 жылғы мектебіміздің түлектерінің ұйымдастыруымен «Адамға қуаныш сыйла» акциясы аясында 105000 теңге көлемінде көпбалалы, аз қамтылған 4 отбасына азық –түлік, 1 балаға киім-кешек берілді.

Жыл бойы осы бағыт бойынша: «Адамгершілік- рухани байлық», «Жанында жүр жақсы адам!», «Ұстазым- ұлағатым, үлгі өнегем!», «Төрімізден қарттарымыз кетпесін!», «Мейірімді болса жүрек- орындалар тілек!», «Рухани жаңғыру. 100 жаңа есім», «Имандылық –ізгілік негізі» тақырыбында сынып сағаттары оздырылды.

Қорытынды: рухани-адамгершілік бағыттағы шарала ржоспарға сай өткізіліп, тәрбие сағаттарымен шаралар барысында оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттер қалыптасуға ықпал етілді.

**<u>Үшінші бағыт - Ұлттықтәрбие</u>**

Мақсаты:Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу мақсатында «Ахмет Байтұрсынұлы және тіл деген алып мұхит, түбі терең» атты «Тілдер күні» мен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай апталық өткізілді. Апталық барысында үзіліс кезінде оқушыларға «Тілі басқа –тілегі бір, жүзі басқа-жүрегі бір» атты викториналық сұрақтар қойылды. Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Ахмет Байтұрсынұлы-ұлттың ұлы ұстазы » эссе байқауы болды. «Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде» дебат ұйымдастырылды. Тіл мерекесінің жоғары деңгейде өтілуіне бастауыш сынып оқушылары да атсалысты. «Тіл мәртебесін ұлықтайық» атты іс-шараға 4а, 4б сынып оқушылары арасында сайыс өткізіліп, жеңімпаз топ мақтау қағазымен марапатталды. Орыс тілі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен « Если дружат люди- дружат языки» атты мерекелік іс-шара 4,8,9 сынып оқушыларының қатысуымен акт залында атап өтілді. Оқушылар тілге қызығушылықтарын білдіріп, зор ықыласпен шара қызықты өткізілді.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткерінің 180 жылдық мерей тойына арналып

жоспар жасалды. Жоспарға сай барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Ұлы ағартушы, ұстаз –Ыбырай Алтынсарин» атты кітап көрмесі. Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерін оқу эстафетасы 8-11 сынып оқушыларының арасында өтті.

Қараша айында «Ұлттық тәрбие – ұлағат көзі» жобасы аясында «Шеберлер қаласы»әлеуметтік ролигі көрсетілді.

Желтоқсан айында «Ұлттық тәрбие – ұлттық рухтың негізі» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен ашық пікірталас өтті.

Қаңтар айында «Тәрбие өрмегінің алтын тілі – ұлттық тәрбие» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларына арналған дөңгелек үстел өтті.

Ақпан айында «Бұрымды бой жеткен» байқауы 5-7 сынып қыздары арасында өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Ғасыр саңлағы-Д.А.Қонаевтың 110 жылдығына орай аудандық білім бөлімі және аудандық Д.А.Қонаеватың қорының ұйыдастыруымен ауданымызға танымал ғасыр мектеп парламенті ұйымдары арасында Ұлыларды ұрпақ үшін ұмытпа тақырыбында мектептердің парламент ұйымдарының мектеп президенті арасында 8-ақпан күні аудандық Үздік мектеп президенті атты байқауы өтті.

Ақпан айында Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбында кітапханада әдеби кеш өтті. 4 «Б» сыныбында «Великий старец – Жамбыл» тақырыбында ашық сынып сағаты өтті.

Жыл бойы ҚР Мемлекеттікрәміздерді қолдануға байланысты жоспар бойынша барлық шаралар өткізіліп, іс-қағаздары жинақталды. Барлық сыныптарда сынып сағаты мемлекеттік гимнімен басталып отырды.

2 жарты жылдықта 4 «а» сыныбында «Жырлайды жүрек»Мұхағали Мақатаевқа арналған тәрбие сағатын өтті.

Сонымен қатар оқушылар «Ілияс оқулары», «Әбіш Кекілбаев оқулары», «Мұқағали оқулары», «Абай оқулары», «Қадыр оқулары» оқуларына қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Аудандық өткен Қожа Ахмет Яссауи оқуынан 8 а сынып оқушысы Батырханқызы Ақерке I орын (бас жүлде) алды..

Мамыр айында үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ұлттық қолөнер – ұрпаққа аманат» қолөнер көрмесі өтті.

Қорытынды: Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жоспарға сай шаралар жоғары деңгейде өткізіліп,оқушылар бойынаұлттық құндылықтарменжалпыадамзаттық қасиеттерқалыптасты.

***<u>Төртінші бағыт - Отбасытәрбиесі:</u>***

Мақсаты:Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеуде жауапкершілігін арттыру мақсатында мектепте қамқоршылық кеңесі құрылып, жоспары жасалынып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Отбасытәрбиесібойыншаалдыменоқушылардыңотбасыларынзерттеужұмысыжүргізіліп, сыныптың әлеуметтік паспорты жасақталып, тұрмыс жағдайын анықтау мақсатында оқушылардыңүйлерінерейд жүргізілді.

Барлық сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста "Отбасы және мектеп", " Баланың жанын түсіне білесіз бе?", «Отбасы –тәрбиенің басты ұясы», тақырыбында баяндамалар оқылды,ата-аналар арасында талқыланды.Мектеп психологінің ұйымдастыруымен "Жастай берген тәрбие, жас шыбықты игендей»" тақырыбында тренинг жаттығулары жүргізілді. Жиналыс барысында әр сыныптың ата-аналар комитеті тағайындалды. Аз қамтылған, жетім балалар ата-аналары мен қамқоршылары жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінетін ыстық тамаққа өтініш берді.

Мектеп психологы оқу жылының басында «Отбасындағы ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынас» сипатын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіп, нәтижесін қорытындылады.Мектебімізде БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенцияны қабылдауының 32 жылдығын, ҚазақстанРеспубликасының ратификациялауының 27 жылдығын атап өту мақсатында «Бала құқығы – адамқұқығы» тақырыбында жоспары жасақталып, іс-шаралар оздырылды.Онкүндік «Балалар үшін біргеміз!»атты жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыста мектеп пен отбасы ынтымақтастығы, діни-теріс ағымдар, балалар қауіпсіздігі, зорлық-зомбылық секілді өзекті мәселелер қарастырылды.

Қазан айының 29 күні «Қамқоршылар» күніне орай іс-шара жоспары құрылып, жоспарға сай қамқоршыларға сыйлықтар табыс етілді.

Қараша айында «Жасөспірімдердің құқығы» отбасындағы жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу туралы баяндама оқылды.

Сонымен қатар отбасы күніне орай барлық сыныпта «Мен және менің сүйікті отбасым» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді..Бастауыш сынып оқушылары отбасының фото суреттерін дайындап көрсетті.

Қаңтар айында мектебіміздің «Әке мектебі» ұйымдастыруымен «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында дөңгелек үстел оздырылды. Дөңгелек үстел барысында әкелер мектебінің мүшелері ұл балаларға өздерінің өмірлік тәжірибелерінен алған сабақтары туралы айттып берді.

Ақпан айында оқушылардың көктемгі демалысын ұйымдастыру мақсатында мектебіміздің дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері «Толағай» отбасылық сайыс өтті. Сайысқа 4 «А» және 4 «Б» сынып оқушылары мен ата- аналары қатысты. Жарыс нәтижесінде достық жеңді. Ата-аналар мен балалар белсене қатысты.

Ақпан айында мектебіміздің «Ана мектебі» ұйымдастыруымен «Ана көрген тоң пішер» тақырыбында дөңгелек үстел оздырылды. Дөңгелек үстел барысында аналар мектебінің мүшелері мектебіміздің 8-11 сынып оқушы қыздарына ананың орны бөлек болатынын айтты.

Наурыз айында халықаралық әйелдер күні қарсаңында Балауса қыздар ұйымы «Қыз еркем- қылығымен көркем» тақырыбында 8-11 сынып қыздарының арасында сайыс өткізді. Сайыста салт- дәстүр туралы сұрақтар қойылды. Қыздар қойылған сұрақтарға шапшаң және дұрыс жауап беру арқылы өздерінің білімдерін көрсетті.

Сәуір айында мектебіміздің педагог- психологы Рысбекова Г «Отбасы – өмір аясы » тақырыбында ата- аналармен тренинг өткізді.

Сондай-ақ мектептемектеп медбикесімен бірлескен «Қыз –болашақ ана» атты қыздарға ақыл-кеңес беру сағаты, 5-сыныпта «Отбасы –шағын мемлекет» атты тәрбие сағаты,технологиясабақтарында болашақ отбасылық өмірге дайындау мақсатында отбасына қажетті өнер түрлеріне баулу сағаттары өткізілді.

*Қорытынды:Отбасытәрбиесінебайланыстыжоспарғасайата-ана-аналаржиналыстары,шаралар,өздеңгейінде*

***<u>Бесінші бағыт - Еңбек,экономикалықжәнеэкологиялықтәрбие</u>***

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

Экологиялық тәрбиенің мақсат-міндеті жас ұрпақты өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін сезінуге тазалығын сақтауға қоршаған ортаға мейірімділікпен жанашырылықпен қамқор болуға тәрбиелеу
Осы бағдарлама аясында мектептебімізде «Жасыл мектеп» бағдарламасы арқылы мектеп іші мен ауласын тазалау, гүл мәдениетін дамыту арқылы оқушыларды табиғатты аялап, қастерлеуге үйрету, жауапкершілікті қалыптастыру міндеті қойылған.
Еңбек, экономикалық жәнеэкологиялықтәрбиебағытыбойынша 1-11-сыныптарда «Қоқыссыз әлем», «Біз табиғатты қорғаймыз!» атты сынып сағаттары айына 1 рет өткізіліп тұрды.
«Тазалық денсаулық кепілі»тақырыбындаэкологиялықсенбіліктероздырылды.

Мектепәкімшілігі тарапынан мектептерде технологияпәнініңталапқасай жүргізілуі,әсіресе,технология сабағында оқушылардың пайдалы істермен айналысуларына мүмкіндік жасауға көпкөңілбөлінеді.

Қыркүйек айында «Біздің таза ауыл» атты акция өтті. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналықарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын, экологиялық дамуын қалыптастыру мақсатында ай сайын мектеп айналасында тазалық жұмыстары, яғни сенбіліктер өткізілді. «Біз таза ауылды қалаймыз!» тазалық айлығы өткізу жұмыстары ұйымдастырылды. Тазалық күні белгіленіп, әр аптаның сәрсенбісінде тазалық күні өтті. Оқушылар қауіпсіздік ережесімен таныстырылды. Көгалдандыру мен санитарлық тазалау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында өткізілген сенбілікке мектеп оқушылары мен ұжымы белсенді қатысып отырады. Мектеп маңындағы ағаштардың түскен жапырақтарын тазалап, ауласын сыпыру жұмыстары атқарылды. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде мектеп ауласы көрікті, әрі таза. Мектеп манына бос жерлерге ағаш егілді. Сенбілік кезінде мектеп оқушылары берілген участок жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарап, мектебіміздің тазалығына өз үлестерін қосты. Әр айдың аптаның бейсенбісінде рейд жүргілді, онда оқушылардың сабаққа келуі, оқулықтары, мектеп формасы, сынып тазалығы, күнделіктері, мектеп мүлкін сақтауын тексеру жумыстары жургізіледі. Күнделіктен шыққан кемшіліктер сынып жетекшілеріне ескертілді.

«Сүйікті мектебімізді әсемдейміз» ұранымен сынып бөлмелеріне гүлдер қойылып, тазалық жұмыстары жүргізілді.7«а» сыныбының сынып жетекшісі Қуанышбекова Ә, қазан айында «Бір тал кессең, он тал ек!» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Қазан айында биология пәні мұғалімі Кузербаева А. оқушыларға дүниежүзілік жануарларды қорғау күніне арналған мектепішілік шығармалар байқауын оздырды.

Қараша айында Семей ядролық полигонының жабылуына -30 жыл толуына орай «Семей полигоны – тарихтың қасіретті беттері» тақырыбында барлық сыныптарда сынып сағаты өтті.

Желтоқсан айында «Мамандық бәрінен жақсы» жобасы 9-11 сынып оқушыларымен мамандық таңдауға байланысты «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында түрлі мамандықтар туралы пікірлесу кеші оздырылды.

Наурыз айында «Мамандық кеше, бүгін, ертең» байқауы, «Мұндай мамандық бар» презентациялар байқауы өтті. Байқау барысында оқушыларға әліде болса, мамандық туралы мағлұмат керек екені белгілі болды.

Сәуір айында мектебімізде «Экочеллендж», «Ең жасыл кабинет» байқауларын өткізілді. Ең жасыл кабинет наминациясын 6 «Б» сыныбы технология кабинеті жеңіп алды.Сонымен қатар, «Құстар біздің досымыз» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. 5-6 сыныптар технология сабағында құстарға ұяшық жасалды.

Мамыр айында «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдары «Туған жерімізді қорғаймыз!» ұранымен мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

Қорытынды:Еңбек,экономикалықжәнеэкологиялықтәрбиебағытыбойыншабарлықша раларөз деңгейіндеөтті.

**<u>Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі</u>**

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Интеллектуальді мәдениетті дамыту мақсатында мектепте дарынды оқушылары анықталып, арнайы жұмыс жоспары құрылып, «Дарын» шығармашылық тобы жұмыс жасайды. Мектеп оқушылары аймақтық, халықаралық байқаулар: «Кенгуру», «Ак бота», «Бритиш бульдог», «Русский медвежонок» т.б. байқауларға қатысып, жетістіктерге жетіп жүр. Мектеп шәкірттері оқушы зияткерлігін анықтайтын түрлі интеллектуалды байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін көшбасшылық қасиетін және дарындылығын, сондай -ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру мақсатында қыркүйек айында жасөспірімдердің ойлау қабілетін арттыру, оқушылар арасында рубик ойынының белсенділігін көтеру, қабілетті оқушыларды анықтау және жетілуіне мүмкіндік беру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 5-7 сыныптар аралығында «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» зияткерлік сайысы жоғары дәрежеде өтті.

Қараша айында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 10-11 сынып аралығында пікірсайыс өтті.

Желтоқсан айында «Жігер» дебат клубының ұйымдастыруымен «Үшқыр ой алаңы» тақырыбында дебат өтті. Дебатқа 9-10 сыныптар оқушылары қатысты. Дебат жоғары деңгейде өтті.

Қаңтар айында барлық сыныптарда «Киберқауіпсіздік» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Қаңтар айында пән олимпиадасына 11 пәннен оқушылар барып, жүлделі орындармен оралды.

Ақпан айында ғарыш күніне орай 5-6 сыныптар аралығында «Логика қайда?» зияткерлік сайысы өтті. Сайыс жоғарғы деңгейде өтті.

Наурыз айында мектебімізде 5-8 сынып оқушыларының қатысуымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Білім көзі кітапта» кітапханадағы бір күн оқырман конференциясы өтті. Шараның мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар 9-10 сыныптар арасында «IQ Doda» зияткерлік ойыны өтті. Білімнің үлкен табысқа, биік шыңдарға бастайтын күш екендігін растайтын бұл ойында негізінен Еліміздің тарихы, жер-су аттары, мәдениеті мен руханиятына қатысты сұрақтар қойылды.

**Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;**

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

Эстетикалық тәрбие беру мақсатында 1-11- сынып оқушыларына тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіліп, мектеп формасының сақталуы,оқушылардың талғаммен киінуі басты назарда ұсталынады. «Жалын», «Балауса» топтарының жұмыстары уақытылы өткізіліп тұрады. Мектепте

«Қыздар», «Ұлдар» клубтары мен «Әкелер», «Аналар» мектептері жұмыс жасауда.

„Армысың аяулы мектебім“ атты кеші ұйымдастырылып 1- сынып оқушыларына куәлік тапсырылды.Жауапты 11сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Тезекбаева Ж «Мемлекеттік тіл өркениеттің белгісі» атты концерттік кеш ұйымдастырылып өтті.

1 қазан Халықаралық қарттар күніне мектебімізге қарт ұстаздар шақырылып, қарттарымызға үлкен құрметпен концерттік бағдарлама қойылды. Барлық сыныптарда «Қарттар –асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Қазан айында мектебіміздің кітапханашысы Қуанышбек Н. ұйымдастыруымен 5-7 сыныптар арасында «Әлемдік мәдениет- кітапта» тақырыбында дәріс оқылды.

Қараша айында мектебімізде «Аяулы күз,алтын күз» мерекесі өтті. 1-4 сыныптар аралығында мереке фестиваль жүзінде іске асырылды. 5-11 сынып аралығында сайыс жүзінде өтті. Сайыста 1- орынды 11 сынып оқушылары жеңіп алды. 2-орынды 10 «А» сынып оқушылары, 3- орынды 9 сынып оқушылары иеленді. Байқауға оқушылар белсене қатысып жақсы нәтиже көрсетті.

Желтоқсан айында мектебіміздің АӘД жетекшісі Е.Жолдыбаев «Терроризмге қарсымыз» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел оздырды.

Жасыл шырша «Қош келдің, Жаңа жыл!» мерекесіне арналған мектепішілік іс-шара жасалынып, мерекелік шаралар үлкен дайындықпен қызықты, өз мәнінде өтті. «Жасыл шырша» мерекесі бекітілген кесте бойынша 25-27 желтоқсан аралығында өтіп, кезекшілік құрылды. Мерекенің шаралары ұйымдастырылып,өту барысы қадағаланды. Тұл жетім, мұмкіндігі шектеулі балаларға аяз ата жана жылдық сыйлықтар берді. Жаңа жыл мерекесі әр сыныптың кабинеттерінде ұйымдастырылды, барлық мектеп оқушылары маскарадтық костюм киіп, Аяз атаға өлең мен тақпақтарын айтты.

Қазақстанның өткені мен бүгіні өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы оқушылардың танымын қалыптастыру, оқушылар мен ұстаздарды бір –біріне жақындастыру, оқушылардың патриоттық сезімін ояту барысында Сарыбаев С, сынып жетекшілер ақпан, наурыз айында «Екі жұлдыз» байқауы ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Қазақ поэзиясының Хан Тәңірі Мұқағали» М.Мақатаевтың туылғанына 90 жылдығына орай барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті. 10-11 сыныптарда эсе жазылды. М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған поэзия кеші өтті. Мектебіміздің кітапханашысы Боранбаева А.Б. кітап көрмесін ұйымдастырды,

Мектебімізде наурыз айы басталуымен түрлі тәрбиелік шараларға толы болды. Көктемнің алғашқы күні алғыс айту күні және дүниежүзілік қорғаныс күні аталып өтті. Алғыс айту күнінің маңыздылығын, оқушылар білім берген ұстаздары мен кіші қызметкерлерге алғыс білдіріп өздерінің жүрек жарды тілектерін білдірді.

Алғыс айту күніне орай 1 сыныптан 8 сыныптарда тәрбие сағатын өткізсе, 8-11 сыныптары дүниежізілік қорғаныс күніне арналған тәрбие сағаттарын оздырды. Мектепке кірер дәлізде алғыс айту, ризашылық білдіру мақсатында түсірілген фото суреттердің көрмесі қойылды. Оқушылар білім берген ұстаздарына, өмір сыйлаған аналарына, қызықты демалыс сыйлаған отбасына алғыс білдірді.

Осындай тамаша мереке күні мектебіміздің ардагер ұстаздарын құттықтап, алғыс білдіріп, белгіленген сыныптар өз қолдарымен дайындаған сыйлықтарын ұсынды. Алғыс айту күні кейін 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен жалғасын тапты.

Барлық сыныптарда аналар мен әжелерін құттықтап ата-аналармен біріккен шаралар өткізілді. 11 сыныбының аналар мен әжелеріне арналған әсерлі әндері көрермендерге мол әсер сыйлады. 8 наурыз мерекесіне орай 8-11 сыныптар арасында «Қызым-еркем,

қылығы көркем» атты сайыста сәтті өтті. Аналарымен қатысып, оқушылар ана мен бала арасындағы тамаша үйлесімділік пен махаббатты көрсетті.

Наурыз балалар үшін басты мереке. Мектебімізде «Наурыз кәдесі», «Наурыз қоржын» сыйлықтарын тарту ету дәстүрін енгізе отырып, балалар аудиториясына акцент жасалды.

Елді мекендер мен аулалардың аумақтарын тазарту бойынша «Таза табиғат» республикалық акциясы басталады. Сонымен бір мезгілде бүкіл ел бойынша әлеуметтік желілерде «Әр отбасынан бір ағаш» челленджін қолдап, ағаш отырғызу ауа райының жағдайына қарай кейінірек ұйымдастырылды. Мектеп ұжымына, яғни ұстаздар мен кіші қызметкерлерге арналған мерекелік концерті де жақсы демалыс сыйлады. Меркелік концертті ұйымдастырған мектептің тәлімгері және барлық жастарға алғыс білдіреміз. Мереке қарсаңындағы концертіне азқамтылған жанұяның балаларына тегін тәттілер табысталды.

Сәуір айында мектебіміздің қазақ тарихы пәнінің мұғалімі Берикова Р. «Діни көзқарас» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларына презентация көрсетті.

Мамыр айында 4 сынып оқушылары «Қош бол бастауыш!» атты бастауыш мектеппен қоштасу кешін өткізді. Кеште оқушылар бастауыш сынып мұғалімдеріне алғыстарын білдіріп, ән мен билерін көрермендерге паш етті.

Қорытынды:Көпмәдениетті көркем эстетикалық тәрбие бойынша жоспарлы шаралар өткізілді.

**<u>Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтыбағыты:</u>**

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Қыркүйек айында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында денсаулық күніне орай «Денсаулық-2021» фестивалі Дұрыс тамақтан!Спортпенайналыс!»ұраны мен өткізілді. Фестивальге мектеп оқушылары қатысып, мектеп медбикесі дұрыс сапалы тамақтанудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік берді. Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын ұстанудың бір жолы оқушыларды қызығушылықтарына қарай үйірме жұмыстарына тартылды.

Қыркүйек айында қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша мектебіміздің медбикесі Бекбосын Қ.кездесу сағатын өткізілді. Сонымен қатар «Педикулез» атты акция өтті. Акцияға 234 оқушы қатысты. Акция нәтижесінде ешқандай балада педикулез анықталмады.

Қазан айында «Ішімдік –қоғам қасіреті» Дүниежүзілік алкагольмен күрес күніне арналған пікір алмасу өтті. Пікір алмасу барысында оқушыларға маскүнемдікке бейім келетін ең қиын кезең — жасөспірім кезеңі. Бұл кезеңде жасөспірімдер тіршілігінде бірқатар маңызды өзгерістер болып жататындығы айтылды.

Қараша айында мектебіміздің медбикесі Бекбосын Қ., мектеп психологы Рысбекова Г. және «Балауса» қыздар клубының жетекшісі Сейсенбаева Г «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында 9-11 сынып қыздарымен қашықтықтан дөңгелек үстел өтті.

Сонымен қатар қараша айында «Жұқпалы аурулардың алдын алу, тұмау» тақырыбында оқушыларға дәріс оқылып, диктант алынды.

1 желтоқсан спидке қарсы күніне орай оқушыларға темекі, арақ, есірткі, СПИД - тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан - жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу.
Оқушыларға СПИД ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын түсіндіру мақсатында барлық сыныптарда «ЖҚБТ-ғасыр індеті» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Желтоқсан айында мектеп медбикесі Бекбосын Қ «Темекі алғашқы есірткі» тақырыбында 5-6сыныпоқушыларынабейнеролик көрсетті.

Қаңтар айында оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру мақсатында мектебіміздің дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері «Біз спортты таңдаймыз!»ұранымен эстафета өтті. Эстафета жоғары деңгейде өтіп, балалар керемет көңіл күйіде болды.

Ақпан айының 15 күні мектебіміздің медбикесі Қ.Бекбосын және сынып жетекшілер дерматомикоз, қышыма жұқпалы аурулардың алдын –алу мақсатында барлық сыныптарда сынып сағатын өткізді.

Наурыз мерекесіне орай ауыл жастары, оқушылар және мұғалімдер арасында «Ұлт болашағы –дені сау ұрпақ» атты волейболдан жарыс өтті. Жарыс қорытындысы бойынша мектеп оқушылары -1 орын, ауыл жастары -2 орын, мектеп мұғалімдері – 3 орын иеленді. Барлық қатысушылар медалдар және грамоталармен марапатталды.

Жыл сайын 24 наурыз күні бүкіл әлем туберкулезге қарсы күнді атап өтеді. Дүниежүзілік туберкулез аурумен күресу күні- «Туберкулез қауіпті дерт» тақырыбында өтті. Елімізде де құрт ауруына қарсы атаулы күн ескерусіз қалмай, жыл сайын аталып өтіледі. Мектеп медбикесі Қ.Бекбосын құрт ауруымен қалай күресу керек екендігі түсіндірді, оқушылардан туберкулез ауруы туралы сауалнамалар алынады.

Мектептепшілік 5-7 сыныптар аралығында өткен «Салауатты өмір салтын ұстанамыз» атты оқушылар мен жас мамандар арасында жарыс өтті. Жарыста 1 орын 7 «а» сыныбы, 2 орын 6 «А» сыныбы, 3 орын 5 «А» сынып иеленді. Барлығы мадақтама мен марапатталды.

Сәуір айында «Денсаулықты баптаймыз, өмірімізді сақтаймыз» денсаулық күні өтті. Денсаулық күні 5-7 сыныптардың жігіттерінің арасында футболдан жарыс, 8-11 сыныптар аралығында валейболдан жарыс өтті.

«Б.Бейсекбаев атындағы мектеп- гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 2022 – 2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстардың жылдық есебі.

Мектептің тәрбие жұмысының жоспарын құру барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасы «Бала құқықтары» жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 Қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында  оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі No 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін; басшылыққа алынып жасалған.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

Сынып жетекшілер де тұжырымдаманың  8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

Мектептің тәрбие жоспары бағдарламада белгіленген  тәрбие мақсаттары мен қойылған міндеттерді іскеасырудатәрбиеніңбасым 8 бағыттықжұмысықамтылды.

Олар:

I .«Жаңа қазақстандық патриотизм мен  азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»;

II. Рухани - танымдық тәрбие;

III. Ұлттық тәрбие;

IV. Отбасы тәрбиесі;

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық-мәдениет тәрбиесі;

VII. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2022 - 2023 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы бойынша осы бағыттар арқылы төмендегідей жұмыстар атқарылды.

**1 бағыт – «Жаңа қазақстандық патриотизм мен  азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»;**Мақсаты:Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. 1 қыркүйек - Білім  күніне орай сынып сағаттары өтті. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты тақырыбында 1-11сынып арасында салтанатты жиын , сынып сағаттары  өтті.

06-20 қыркүйек аралығында Балқаш аудандық санитариялық – эпидемиялогиялық бақылау басқармасы, АОСЭБД-нің 03.09.2022 жылғы шығыс № 24-26-3-4482 санды хатын

басшылыққа ала отырып «Б.Бейсекбаев атындағы мектеп- гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде «Педикулезбен қалай күресуге болады?» акциясы тақырыбы аясында арнайы әр түрлі жас деңгейінде сыныптар бойынша іс-шаралар өткізілді.

Аталмыш тақырып бойынша 1-4 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жас ұрпаққа салауатты өмір салтын ұстану үшін тазалық пен гигиенаны дұрыс ұстану жолдары айтылып өтті.

«Педикулез» атты тақырыпты басшылыққа ала отырып, шаш күтімі бала денсаулығы үшін тазалығы өте маңызды екендігін сонымен қатар баланы алғашқы күнен таза ұстауы түрлі инфекциядан қорғайтыны туралы 5-11 сынып аралығында лекциялық сабақ өткізілді. Сабақ барысында 10 сынып оқушысы Кеңесхан Санжар «Он екі мүшең сау болса-қара басың хан мен тең» деп тазалықтың алдын алсақ біз педикулездің алдын аламыз деп өз пікірін қалыптастырды.

16-қыркүйек күні Балқаш аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Отан отбасынан басталады» тақырыбында білім мекемелеріндегі ата-аналар комитеті, тәрбие орынбасарларымен Мұсабек Сенгірбаев атындағы мектебінде семинар өтті.

